

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі алған тауарлай кредиттерді қайта құрылымдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 ақпандағы N 171 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі еңбекпен түзеу мекемелерінің қызметін тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 293 қаулысы бойынша алынған тауарлай кредиттерді (бұдан әрі - тауарлай кредиттер) қайтаруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті түзеу мекемелерінің шаруашылық жүргізу құқығындағы мынадай республикалық мемлекеттік кәсіпорындары (бұдан әрі - Кәсіпорындар) тауарлай кредиттер бойынша борышкерлер болып белгіленсін:

1) "Еңбек-Өскемен" 13626060 (он үш миллион алты жүз жиырма алты мың алпыс) теңге мөлшерінде;

2) "Еңбек-Шымкент" - 4172800 (төрт миллион бір жүз жетпіс екі мың сегіз жүз) теңге;

3) "Еңбек-Қызылорда" - 1500000 (бір миллион бес жүз мың) теңге;

4) "Еңбек-Астана" - 8732665 (сегіз миллион жеті жүз отыз екі мың алты жүз алпыс бес) теңге;

5) "Еңбек-Астана" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Еңбек-Қосшы" еншілес мемлекеттік кәсіпорны - 7200000 (жеті миллион екі жүз мың) теңге.

2. 1-тармақта көрсетілген тауарлай кредиттер бойынша берешекті қайта құрылымдау қосымшаға сәйкес тауарлай кредиттерді өтеудің белгіленген үлестері мен кестелеріне сәйкес өтеу мерзімін 2007 жылға дейін ұзарту жолымен жүргізілсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен Кәсіпорындармен қайта құрылымдау туралы тиісті келісімдер жасассын, онда:

осы қаулының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген нормаларды;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сыйақы есептеуді көздесін.

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Кәсіпорындардың осы қаулының 3-тармағында көрсетілген қайта құрылымдау туралы жаңадан жасалатын келісімдерді қамтамасыз ету есебіне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне кепілдік беруі жөніндегі шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің 2005 жылғы 25 ақпандағы  
N 171 қаулысына

ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі кәсіпорындарының тауарлай кредиттерді өтеу кестесі**

P/c N	Төлем айлары	Кредит сомасы	Өтеуге жатады ж/теңге	
			2005	2006
1	2	3	4	
<b>"Еңбек-Астана" РМК</b>				
		8732665		
1	Қаңтар		1400000	300000
2	Ақпан		200000	300000
3	Наурыз		200000	400000
4	Сәуір		200000	400000
5	Мамыр		200000	400000
6	Маусым		200000	400000
7	Шілде		300000	400000
8	Тамыз		300000	400000
9	Қыркүйек		300000	400000
10	Қазан		300000	400000
11	Қараша		300000	400000
12	Желтоқсан		300000	332665
	Жиыны:	8732665	4200000	4532665
<b>"Еңбек-Қосшы" Е М К " Еңбек-Астана" РМК</b>				
		7200000		
1	Қаңтар		800000	300000
2	Ақпан		200000	300000
3	Наурыз		200000	300000

4	Сәуір		200000	300000
5	Мамыр		200000	300000
6	Маусым		200000	300000
7	Шілде		200000	400000
8	Тамыз		200000	400000
9	Қыркүйек		200000	400000
10	Қазан		200000	400000
11	Қараша		200000	400000
12	Желтоқсан		200000	400000
	Жиыны:	7200000	3000000	4200000

"  
Еңбек-Қызылорда  
" РМК

		1500000		
1	Қаңтар		1500000	
2	Ақпан			
3	Наурыз			
4	Сәуір			
5	Мамыр			
6	Маусым			
7	Шілде			
8	Тамыз			
9	Қыркүйек			
10	Қазан			
11	Қараша			
12	Желтоқсан			
	Жиыны:	1500000	1500000	

"Еңбек-Өскемен"  
РМК

		13626060		
1	Қаңтар		2639000	505000
2	Ақпан		450000	505000
3	Наурыз		450000	505000

4	Сәуір		450000	505000
5	Мамыр		450000	505000
6	Маусым		450000	505000
7	Шілде		450000	505000
8	Тамыз		450000	505000
9	Қыркүйек		450000	505000
10	Қазан		450000	505000
11	Қараша		450000	505000
12	Желтоқсан		425000	507060.00
	Жиыны:	13626060	7564000	6062060
<b>"Еңбек-Шымкент " РМК</b>				
		4172800		
1	Қаңтар		2345000	
2	Ақпан		168000	
3	Наурыз		168000	
4	Сәуір		168000	
5	Мамыр		168000	
6	Маусым		168000	
7	Шілде		167000	
8	Тамыз		167000	
9	Қыркүйек		167000	
10	Қазан		167000	
11	Қараша		167000	
12	Желтоқсан		152800	
	Жиыны:	4172800	4172800	
	Барлығы:	35231525	20436800	14794725